

## Ә.МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ «МАНАС» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жүнісова М.Қ., ф.ғ.к., доцент,  
Ордабаева З.З., п.ғ.м., аға оқытушы  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Түркі тілдес халықтар әдебиетінің ішінен айтулы орын алатын қырғыз халқының «Манас» жырына Ш.Уәлиханов М.Әуезовтен кейін тыңғылықты зейін қойып, терең талдаулар жасаған атақты ғалым – Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Ғалымның «Манас» жырын зерттеудегі үлкен жетістігі – бүкіл орыс, қырғыз ғалымдары болып, көп жылдар іздеп таппай жүрген «Манас» жырының Шоқан жазып алған үзіндісі – «Көкөтай ханның асын» мұрағат қойнауынан табуы. Бұл – манастанушы ғалымның бір қыры. Бұған қоса – «Манас» жыры жайлы Шоқан және «Манас» атты салиқалы зерттеу еңбегін жазуы да осы саладағы айтулы еңбегі болды. Аталған еңбек өзінің құнды материалдарымен, тарихи-мәдени сипатымен, этнографиялық, географиялық т.б. мәліметтерімен және ой-толғамдарының кеңдігімен ерекшеленеді. Энциклопедиялық мол білімге ие академик-ғалымның бұл еңбегі қазақ фольклортану ғылымына үлкен үлес болып қосылды. Бұған дейін белгісіз болып келген тарихи оқиғалар, жер-су атаулары т.б. туралы тың деректер анықталды. Тарих, әдебиет, мәдениет туралы «тұрпайы социологизм» қалыптастырған ұғымдардың іргесі сөгіліп, ғылыми зерттеушілік бағыттағы жұмыстарға жаңашыл леп әкелді. Түркі халықтарына ортақ фольклорлық мұралардың тарихи көркемдік мәселесін көтеріп бір-бірімен салыстырулар жасайды.

Әрине, әр ғалымның өзіндік творчестволық эволюциялық жолдан өтетіні даусыз. Ә.Марғұлан да «Манас» жырына дейін қазақ фольклористикасы мен әдебиетінің тарихын зерттеу ісіне белсене араласқан С.Сейфуллин, М.Әуезов, Х.Досмұханбетов, Қ.Жұбанов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Кенжебаев, Т.Нұртазин, М.Ғабдуллин сынды ғалымдармен бірге фольклортану ғылымының іргетасының қалануына белсене араласып еңбек еткен болатын. Осы орайда «Манас» жырына дейін ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік бағдары бар еңбектеріне көз жеткізу үшін сол кезеңнің саяси жағдайына да қысқаша тоқтала кетейік.

XX ғасырдың басында-ақ ұлттық әдебиетіміздің қалыптасып, алғашқы қадамын жасап, ғылыми-зерттеушілік бағытта күрделі мәселелерге араласа бастағанын Ш.Уәлиханов пен М.Әуезовке байланысты өз тарауларда қарастырған болатынбыз. Бірақ өз бағыт-бағдарын танып қалған ұлттық әдебиетімізде төңкерістен кейін әр түрлі концепциялар мен қозғалыстар пайда болып, әдеби мұраны жаңаша тануға ұмтылған әр түрлі әдістер, теориялар туындады. Әдеби мұраны игеруде дәстүрлі жолы бар орыс әдебиеттану ғылымының өзі де бұдан құр алақан болмай, әдебиеттің таптығы принципіне ұрынып, кеңестік идеология талабымен адасуларға тап болды. Дегенмен, өзіндік бағдары бар ғылыми зерттеушілік ой-пікір маркстік-лениндік ілімнің әдіснамасын бірдей қабылдай алмады. Себебі марксизм-ленинизм жетекші идеология болып отырған жаңа қоғам әдебиет тарихын зерттеуде таптық тұрғыдан қарауды қатаң талап етті де бұл біздің ұлттық ғылыми-зерттеушілік пікірімізге қиындық келтіреді. Бұған дейін өз бағыты қалыптасып қалған ұлттық әдебиетіміз өз мақсатынан айрылып, түркі шатасуларға барды. Сондықтан «поступательное развитие марксистко-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями» [1, 45] болды да, ұлттық фольклорымыздағы ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ой-пікір біраз уақыт тұралап қалды.

Ал, ғалым Ә.Марғұланның ұлттық әдебиетіміздің тарихын зерттеудегі алғашқы қадамдар жасаған кезі осы аласапыран кезеңге тап болды. Дегенмен, өзіне дейінгі және өзі қалыптасуына ат салысқан ұлттық фольклорымыздағы әдеби мұраны игеру мектебін көрген ғалым басқа ғалымдар секілді көп адасуларға бара бермеген. Әрине, «Әдебиеттанудың алғашқы дәуірінде айтылған осы ой-пікірлерді бүгінгі эстетикалық биіктен қарап даттауға болмайды, қайта анықтама, тұжырымдардың бірден-бірге қомақтана, нақтылана, дәлдене түскеніне назар аударған жөн» [2, 74]. Сондықтан «Манас» жырына дейінгі ғылымның өзіндік сипаты бар жұмыстарына оның ғылыми-әдіснамалық тәжірибесінің қалыптасуындағы дәстүр сабақтастығына сипаттама беру мақсатымен назар салайық.

1920-30-жылдары ұлттық әдебиетіміз маркстік-лениндік методологияға бейімделе бастады. Арақидік халық шығармашылығына байланысты мақалалар мен жинақтарға жазылған алғы сөздерде қазақ фольклористикасының өзекті проблемалық мәселелері көтеріліп отырды. Әдеби мұраның

ерекшеліктері, халықтық сипаты негізгі зерттеу объектісі болып, тарихилығы тұрғысынан келгенде қай дәуірде пайда бола бастады дегенде айтыс туды. Кенжебаев қазақ эпосының халықтық, қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі тарихи оқиғаларға қарым-қатынасы мен әр жырдың шығу тарихын анықтау арқылы жалпы эпостық жырлардың туа бастау дәуірін белгілеу қажеттігін мәселе етіп көтерді.

Ә.Марғұлан Б.Кенжебаевтың осы көтерген мәселесін яғни қазақ эпостық жырларын тарихи дәуір мен тарихи оқиғаларға қарым-қатынасына сай тексеру бағытын қолдады және өз еңбектерінде осы бағытта жұмыс жасады. Өз мақалаларында эпикалық жырлардың тарихи оқиғалар шежіресі ғана емес, өз дәуірінің кескін-келбетін білдіретінін көп варианттылықтың пайда болуында жыршы-жыраулардың атқарған еңбегін жан-жақты қарастырды.

Батырлық жырлардың шығу төркінін белгілі бір тарихи уақиғамен ғана шектеп қою мүмкін еместігін, оларда халықтың сан ғасырлық өмір тіршілігінің белгісі бар екенін, сондықтан жырдан бірнеше ұрпақтың творчествосын көруге болатынын «Алпамыс жыры» төңірегінде айтқан ой-пікірлері арқылы дәлелдейді. Аталған пікірлердің өз кезінде өзекті мәселелерді көтеріп тұрғанын ескерсек Ә.Марғұланның ұлттық әдебиетіміздегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді дамытуға өзіндік із қалдырғанын, эпостық жырларды зерттеуді жаңа арнаға бұрғандығын байқаймыз.

Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасып, дамуында Әлкей Хақанұлының қосқан сүбелі үлесі мол. Эпикалық мұраны меңгерудегі көкейкесті мәселелермен көп толғанып жүрген ғалым «Манас» тақырыбына жайдан-жай назар салмаған секілді. Бұл ретте кең құлашты «Манас» жырының көп қабатты сюжеттік құрамында тектес, мүдделес қазақ, қырғыз халықтарының ежелгі тарихи бастаулары анығырақ суреттелгенін дұрыс пайымдай білгенін айтқанымыз дұрыс. Бүкіл түркі тектес халықтарының айтулы мақтаныштары, жарық жұлдыздары Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан осы жырда ұзақ уақыт бөліп, қажырлы ой жұмсап, ең негізгі еңбектерінің бірегейіне айналдыруы осындай қорытынды жасауға жетелейді.

Эпикалық жырдың табиғатын терең түсіне білген ғалым «Манас» жырына байланысты зерттеулерінде жырдың поэтикасына, теориясына, халықтығы, тарихилығы мәселелеріне көп көңіл бөліп, бұған дейін әдеби мұраларды игеруде жіберген кейбір кемшіліктерін жібермей, өз ойларын астарлай бермей, анық, ашық айтуға ұмтылады. Бұрын көп бара бермейтін, кеңестік идеологияның қатал назарында болған түркілік танымның туын көтеруге, рухын асыруға талпыныс жасайды. Ғалымның бұл бағыттағы еңбектерін үш арнада қарастыруға болады. Олар: манастану ғылымын қалыптастырған Ш.Уәлихановтың еңбегін зерделеу, «Манас» жырындағы оқиғалардың тарихи кезеңін айқындау, жырдың тарихи-этнографиялық мәнін ашу. Енді осы мәселелерге шолу жасап өтейік.

Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасып, дамуында Әлкей Хақанұлының қосқан сүбелі үлесі мол. Эпикалық мұраны меңгерудегі көкейкесті мәселелермен көп толғанып жүрген ғалым «Манас» тақырыбына жайдан-жай назар салмаған секілді. Бұл ретте кең құлашты «Манас» жырының көп қабатты сюжеттік құрамында тектес, мүдделес қазақ, қырғыз халықтарының ежелгі тарихи бастаулары анығырақ суреттелгенін дұрыс пайымдай білгенін айтқанымыз дұрыс. Бүкіл түркі тектес халықтарының айтулы мақтаныштары, жарық жұлдыздары Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан осы жырда ұзақ уақыт бөліп, қажырлы ой жұмсап, ең негізгі еңбектерінің бірегейіне айналдыруы осындай қорытынды жасауға жетелейді.

Эпикалық жырдың табиғатын терең түсіне білген ғалым «Манас» жырына байланысты зерттеулерінде жырдың поэтикасына, теориясына, халықтығы, тарихилығы мәселелеріне көп көңіл бөліп, бұған дейін әдеби мұраларды игеруде жіберген кейбір кемшіліктерін жібермей, өз ойларын астарлай бермей, анық, ашық айтуға ұмтылады. Бұрын көп бара бермейтін, кеңестік идеологияның қатал назарында болған түркілік танымның туын көтеруге, рухын асыруға талпыныс жасайды. Ғалымның бұл бағыттағы еңбектерін үш арнада қарастыруға болады. Олар: манастану ғылымын қалыптастырған Ш.Уәлиханов еңбегін зерделеу, «Манас» жырындағы оқиғалардың тарихи кезеңін айқындау, жырдың тарихи-этнографиялық мәнін ашу. Енді осы мәселелерге тоқталайық.

Ұлттық фольклортану ғылымының әдебиет тарихын зерттеу бағытын маркстік-лениндік методологияның туғызған жаңсақ концепцияларынан арашалауда өзіндік бет-бағдары бар ғалым болып қалыптасып қалған Ә.Х.Марғұлан «Манас» жырын зерттеуге үлкен дайындықпен келгенін жоғарыдағы пікірлерінен көреміз. Жалпы, «Манас» жырын зерттеуге ғалым ұзақ уақытын жұмсаған. Өзінің Шоқан және Манас деген еңбегінде ғалым: «1931 жылы академик А.Н.Смайловичпен Орта

Азия халықтарының әдебиеті туралы әңгімелескенімізде ол кісі: Шоқан жазып алған «Манас» жырының қырғыз текстің тауып жарыққа шығару зор игілікті іс болар еді, бұл мәселе жалғыз біз үшін емес, шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдардың бәріне де үлкен жаңалық болар еді деген еді» [3, 4] – деп Шоқан жазып алған «Манас» жырының үзіндісін 1930-жылдардан бері іздегенін атап өтеді. Орыс, қазақ, қырғыз ғалымдарының таба алмай жүрген асыл қазынасын Ә.Марғұланның табуы ғалымның ізденімпаздығынан деп білеміз.

Ғалымның «Манас» жырын зерттеген қомақты еңбегі 4 бөлімнен тұрады және соңынан Шоқанның араб емлесімен жазып алған «Көкөтай ханның ертегісі» қолжазба күйінде берілген. Бұл еңбектің бұған дейінгі еңбектерден ерекшелігі жырдың көркемділігін зерттеуді емес тарихи негіздерін ашуды мақсат етеді. Және барлық бөлімдер осы мақсатқа байланысты құрылып, жалпыдан жалқыға қалай зерттеу тәсілін ұстанады.

«Манас» жырының Шоқан жазып алған көркем нұсқасы «Көкөтай ханның ертегісін ұзақ жылдар іздеп жүріп тапқан Ә.Х.Марғұлан еңбегінің бірінші бөлімін – «Манас» жырын жазып алу тарихынан» деп атап, оның тарихи кезеңінің, саяси-әлеуметтік жағдайларының сырын ашуға ұмтылады. Бұл бөлімде Шоқан Уәлихановтың шығыс әдебиетінен алатын орны, «Манас» жырына қызығып зерттеу жұмыстарын жүргізген алыс-жақын шет елдер ғалымдарының білдірген пікірлері және оларға сын, салыстырулар жасау, жырдың нұсқалырын бір-бірімен салыстыру арқылы ерекшеліктерін ашу, үзіндіге лексикографиялық талдау жайы сөз болады.

Айтпағымыз, Ә.Марғұлан осы мақсаттағы орыс ғалымдарының нәліктен Шоқан үзіндісіне қызығып оны ұзақ уақыт сарылып іздеуін қарастырады. Сол арқылы түркі халықтары әдебиетінен алатын орнын танытуға ұмтылады. «Манас» жырын: «Алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, оны әдебиет дүниесінің белгілі бір кеніші еткен жас ғалым Шоқан еді» [3, 3] – деп пікір білдіріп, Шоқан еңбегінің бағасын беріп, оған қызыққан орыс ғалымдарының жайы: «Көкөтай» жырында кездесетін тарихи-әлеуметтік сарындардағы этнографиялық суреттерге баса көңіл қойып, оларға зор ғылыми мән береді. Оларға көбірек ұнағаны, әсіресе, Көкөтайдың өсиет сөздері: «Қылышпенен қырдыру, қымызбенен жудыру сияқты исламнан бұрынғы салт-сананы көрсететін бейнелер, не «жаз бойы қайың сауып» дейтін ұғымдар» [3, 4] – деп қорытындылайды. Байқап отырғанымыздай орыс ғалымдары өз мақсаттарына қажетті ең қонды жерді танып қызығып отыр. Оларға халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр айтатын ұғым түсініктер, мұндай материалдар аса қажет еді.

Осындағы «қайың сауу» мәселесі туралы ғалым: «Бірақ жырдағы «қайың сауу» мал жоқтықты, жалаңаш кедейлікті көрсететін бейне екенін П.М.Мелиоранский түсінбей, оны «қайың сауу» (қайың жұрт) болу керек деп, қате болжал айтқан» – деген пікір айтады. Осы пікірдегі «жалаңаш», «кедейлік» деген сынды сөздер ғалым тарапынан асыра айтылған сөздер секілді. Бәлкім бұл маркстік-лениндік әдіснаманың салқынынан айтылған болуы керек. Әйтпесе, аталған пікір ешқандай логикалық жүйеге келмейді. «Қымызбен жудырып» жүрген қазақ қалайша жалаңаш, кедей болсын. Оның үстіне ол жаз кезі болса. Мүмкін халқымыз қайың сөлінен сусын дайындауды сол кездері жақсы пайдаланған болар. Ғалымның бұл болжамын сол кездегі саясат әсерінен деп бағалаған дұрыс секілді.

Ғалым Шоқан Уәлихановтың үзіндісінің жоғалып кеткеніне көп өкініш білдірген орыс ғалымдарын атап өткен. Оның ішінде айырықша тоқталғаны Н.И.Веселовский мен А.Н.Смайлович. Н.И.Веселовский Шоқан аудармасын бірінші рет баспаға дайындаған және аударманың тіліне қызығып түп нұсқаны көп іздеген. Бұл аударма қысқа түсініктермен шығыс бөлімінің журналында жарияланады да, Европа ғалымдары «Манас» жырымен осы арқылы танысады. Сондықтан болар Ә.Марғұлан Шоқан үзіндісінің жоқтаушысы туралы жақсы пікірлер білдіреді. Ал ғалыммен пікірлес болған А.Н.Смайловичтің сөзінен үзінді келтірейік: «Екі нәрсені қолыма түсіре алмай жүрмін. Бірі сол Шоқан жазып алған «Манас» жыры, екіншісі «Қазақ-қырғыз және хандар шежіресі». Бұл екеуі де Ленинград кітапханаларында жоқ, «Манас» табылуы екіталай сияқты. Оны табудың соңына қырғыз тілін жетік білетін П.А.Фалев те түскен еді. Бірақ ешнәрсе шықпады. Сондықтан қырғыз эпосының құрылысы туралы зерттеулерінде ол тек В.В.Радлов жиғандарына ғана сүйенді. Сіз маған қазақ-қырғыз хандар шежіресін тауып берсеңіз көп алғыс айтар едім» [3, 6].

Байқап отырғанымыздай, орыс ғалымдары Шоқан аудармасымен ғана қанағат тұтпай оның қырғыз текстің іздестірумен болған. Туған топырағымыздан шыққан ғалымның төл қазынамызбен қатар қырғыз, алтай, түрікпен, сақа, өзбек халықтарының да ауыз әдебиеті нұсқалары туралы құнды пікірлер айтқанын білетіндіктен Шоқан жазып алған үзіндіден өздерінің зерттеу межесіне қажетті

көп құпиялардың бетін ашамын деп үміттенген. Сонымен бірге сол ХХ ғасырдың басында-ақ олар Шоқантану ғылымының пайда болуына үлес қосқан және Шоқанды Шығыс әдебиетінің көрнекті өкілі деп бағалап, ғылым алдында мойындаған. Ә.Марғұланның бұл деректері осысымен де қымбат.

«Манас» жырын ең алғаш Европаға танытқан Шоқан Уәлиханов екенін дұрыс таныған ғалым жырдың: «Қысқаша сюжетін бірінші болып хатқа түсірген Ферғанада жасаған Сейфуддин Ахсикенти еді,»- деп ХҮІ ғасырдың бас кезіне апарарды. «Бірақ Сейфуддиннің жазғандары Орта Азия халықтарының әдебиетінде кеңінен тарамай, сол дәуірдің өзінде белгісіз болып қалып қойған. Сондықтан қырғыз туралы жазған «Мұсинафтардың» бірде-бірі Мұхамед Хайдар, Бабур, Хафиз, Тыным, Ескендір-Муниш т.б. бұл жазуды еш жерде атамайды. Егер сондай кісілердің біреуі атаған болса, «Манас» жыры, әрине, Оғыз-наме «Шайбани-нама» сияқты Орта Азия әдебиетінде әлдеқашан белгілі болар еді» [3, 7] – деп өкініш білдіреді. Сейфуддинді «Шайбани-намені» жазған Бенаймен салыстырады, әрі оның «тарих жинағын» аударып, халық игілігіне беру керек деп есептейді. Осы пікірімен Шығыс әдебиетінде өзіндік ғылыми-зерттеу мектебі болғанын дәлелдейді. «Манас» жырының үзіндісін іздеп жүріп көптеген құнды материалдар тапқан ғалымның бұл бағыты бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ә.Марғұлан Ш.Уәлихановтың «Манас» жырының үзіндісін жазып алу тарихын зерттеуде ғалымның эволюциялық өсу жолынан өткенін терең қарастыра білген.

Бұл тұрғыдағы жұмысын жеке бір тұлғалы ғалымның шығармашылығын зерттеудегі айырықша үлгі деп бағалауға болады. Әрине бұған дейін фольклортану ғылымында жекеленген тақырыптар мен белгілі ғалымдардың шағармашылығын зерттеу өзіндік қалыптастыру жолынан өткен еді. Солардың бәрімен салыстырғанда Әлкей Хақанұлының өзіндік бағыт-бағдары танылатын секілді. Жас ғалымның туған халқының асыл қазынасын жоғарғы мәдениеттің биік үлгісі ретінде таныту үшін араласып жүрген қызу шағын өз басынан өткізіп сезінген секілді.

Шоқанның Омбыда оқып жүрген кезінде-ақ «Манас» жырын ұстазы Н.Ф.Костылецкийдің лекциясынан танысып білгенін және шәкірттерін өзінің мақсатты жұмысына пайдалана алған ұстазының тапсырумен демалыс кездерінде әдеби мұраларды жинаумен де айналысқанын ғалым мұрағат қойнауын ақтарып жүріп зерттеп таныған. Жоғалған үзіндіні табам деп жүріп мол материалдарға жолыққан. Мысалы: «Мәліметтердің ішінде бұғы елінің билері Шапақ батырдың, Шералінің, Есім батырдың, Качибек Шераліұлының 1815-жылы генерал Глазановқа жазған хаттары бар. Ең тамаша жері сол, көп мәліметтің арасында «Манас» жырына кіретін екі сюжет бар, оның бірі, осы күнге дейін белгісіз жатқан ерлік жыры «Қоңырбай» «Ер-Нұра» оның сыртына Н.Ф.Костылецкийдің қолымен «геройческий эпос» деп жазылып қойған, екінші «Қарабас ұлы Манас»- ертегі түрінде жазылған ерлік жыры» [3, 7]. Осы мәліметтердің барлығы қазақ фольклортану ғылымы үшін де қажет дүниелер. Мұны ғалым «Манас» үзіндісін іздеп жүріп тапқандықтан манастану ғылымының жетістігі болары сөзсіз.

Ғалым Шоқанның «Көкетай ханның ертегісін» жазып алу кезіндегі тарихи-әлеуметтік жағдайларға да түсініктеме беріп өткен. Бұл кезеңді «Ұлы жүз қазағы мен Алатау қырғызының Россиямен байланысы күшейген шағы» -деп бағалап екі ел арасында елші болып жүрген тарихи қайраткерлердің де есімін атап өтеді. Елшілік сапарының санын құрамын айқындап оларды шекаралық әкімдердің де ұнатып қарсы алатынын, себебі солардың айтуы бойынша халықтың рухани тіршілігін жазып алып, Петерборға жіберіп отырғанын зерттеу тезінен өткізеді.

«Манас» жырын және тағы да басқа жырларды жазып алуда осындай баянды жағдайлардың болғандығын айта келіп, оның белгілі дәрежеде Шоқанға да қатысы болғанын ескертеді. Яғни Шоқан «Манас» жырының үзіндісін жазып алуға дейін жырдың мазмұнымен жақсы таныс болған. Шоқанның Манас жырын жазып алуға дейінгі дайындығын, тарихи әлеуметтік жағдайларды, қазақ интелгенциясының қалыптасу кезеңін жақсы аша білген ғалым қазақ фольклортану ғылымының ертедегі бастауларын, қалыптасу, даму дәуірлерін арнайы қарастырмаса да деректермен сүзгіден өткізіп отырады. Мұхамед Хайдар, Бабур, Хафиз, Тыныш, Ескендір-Муниш т.б. ғаламдардың атын атап, таныстырмалық-түсіндірмелік бағыттағы еңбектеріне тоқталады. Олардың еңбектерін жаңашыл бағытпен жалғастырған Шоқанның дәуірін және онымен бірге еңбек еткен Халиулла Өскенбаев, Мұстафа Бүркітбаев, Садуақас Анаев т.б. жинаушылардың атқарған істерін қарастыра отырып, қазақ интелгенциясының өсу жолын танытады.

Шоқан «Манас» жырына байланысты шежіре сөзді ең алғаш К.Л.Врангельдің жазбаларынан

оқығанын айта кету арқылы әдеби мұраларды жинаушы орыстың ориенталист ғалымдарының еңбектеріне тоқталып өтеді. Жетісу өлкесін билеген барон Врангельдің өзінің қарамағындағы түркі тілдерін жақсы білетін тілмаштары Фролов, Бардашев, Нифонтьев арқылы Ұлы жүз қазағы мен қырғыз халқының шежіресін, аңыз сөздерін, ертегі жырын жинап Омбыдағы шекаралық комиссияның қарамағына жіберіп отырғанын, оған ой түсіріп, із қалдырған шекаралық комиссияда жұмыс істеген И.Штейнгель мен М.В.Ладыженский екенін атайды. К.Л.Врангель XIX ғасырдың отызыншы, қырқыншы жылдары қазақтың халық әдебиетімен әуестенген танымал ориенталист ғалым екенін айтып, қырғыз және қазақ фольклорларындағы ұқсастықтарды жинау мақсатында зерделейді. «Барон Врангель жоғарғы білімі бар, осы орынға әдейі арнап қойылған кісі» [3, 9] – деген пікірі арқылы орыстың ориенталист ғалымдарының әдеби мұраға іждахаттылықпен қызығу мақсатының себебін ашуға тырысады.

Шоқанның Ыстықкөл саяхатын қарастырған Ә.Марғұланның зерттеулері уақиғаларының дәлдігімен, өзіндік пікірлерімен қызғылықты. Манастың Бозтөбесінің тарихи орны осы күнге дейін Шарын өзенінің бойында сақталып келген. Ол туралы мәліметті Шоқанның бірінші болып жарыққа шығарғаны аса игілікті іс еді,» [3, 10] – деген пікірі тарихи-этнографиялық бағыттағы Шоқан еңбегіне берілген адал баға еді.

Шоқанның қолжазба дәптерлерінің де көп болғанын, бірақ өкініштісі ғалым қайтыс болған соң әрбір кісілердің қолына тарап кетіп, оны анықтап ретке түсіру, табу ісінің қиынға айналғанын байқаймыз. Шоқанның осы қолжазбаларының түпнұсқасын табу мақсатында Ә.Марғұланның мұрағатпен көп жұмыс атқарып, «Көкетай хан ертегісін» тауып алуы үлкен мәні бар іс еді. «Табылған дәптерлердің кейбіреуі «Көкетай хан ертегісімен» бірге топталған. Олардың біреуі түгелімен Шоқанның өз қолымен жазылған. Оның мазмұны бір ғана қырғыз халқының мифі, ертегісі, аңыз әңгімелері. Екінші дәптер Кенесары қолының Алатау қырғыздарымен соғысқан тарихи оқиғаға арналған. Шоқанның өзге дәптерлерінен ғылыми аса бағалылары «Едіге жыры», Қозы Көрпеш -Баян сұлу», «Қоңырбай, Ер Нұра» Манас тобына кіретін ерлік жыры «Күмісхан, яки Қарабасұлы Манас», мақал сөздер, жұмбақтар тағы басқалар [3, 12]. Яғни ғалым атаған дәптерлердің көпшілігі «Манас» жырымен қатар жазылып, бірге қарастырылғаны, соған орай тоқталғаны байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Машинский С.Н. Классика и литературная наука. –Москва: Знание, 1970. –211 с.
2. Кәкішев Т. Оңаша отау. –Алматы: Жазушы, 1982. –224 б.
3. Марғұланның Ә.Х. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. –164 б.

## ЛОГОТИП ДИЗАЙНЫ

*Еркін Ж.Ж., аға оқытушы,  
Жасқанатқызы Ж., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі заманғы нарықтық экономикамен бәсекелестік жағдайында, бір ғана елде 500-ден артық кәсіпорын болған жағдайда, олардың әрқайсысы өзінің фирмалық стилі туралы мәселе фирмалық стиль негізі ретінде өте өзекті болады, себебі оны жасау өте ұзақ уақытты алатын және күрделі үрдіс. Өзіндік логотипті және фирмалық стильді жасап пайдалану өсіп келе жатқан компаниялардың танымал атрибутына айналууда.

Кейбіреулер «фирмалық стильдің болуы танымдылықты және қазіргі уақытқа сай болуды білдіреді» деп санайды. Ал, басқалары «мен де қалыспаймын» деген негізбен әрекет етеді. Біреулерге фирмалық стиль инвестордың талабы бойынша сату алдындағы дайындық ретінде керек болады. Ал фирмалық стилді жасаудағы шынайы қажеттілік оны пайдаланудан келетін тиімділік барысында көрінеді.

Фирмалық стиль бірінші кезекте компанияға бәсекелерінің арасынан графикалық және басқа да константы арқылы ерекшелену, танымал болу (идентификация) және есте сақталып қалу үшін керек. Жақсы танымал болғандықтан, жарнамалық компанияларға кететін қаржы сомасы азаяды. Танымал фирмалық стильдің болуы жарнаманың тиімділігін едәуір арттырады.